



«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

18 қаңтар 2023 жылғы

№: AIFC-C/CFI/2023/0001 ic

«АЛАЙҒЫР БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫ» ЖШС

Талап қоюшы

және

«ВАУПРОЕКТ» ЖШС

Жауапкер

ШЕШІМ & БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Руперт Джексон



БҰЙРЫҚ

Сот қараған арыз қабылданбады.

ШЕШІМ

1. Бұл талап қоюға соттың тыйым салуын шығару туралы арыз. Бұл арыздың бастау алуы төмендегідей болып табылады.
2. 2020 жылдың 21 қазанында құрамына «Temir Zat» ЖШС, «BauProjekt» ЖШС және «МСІ Group» ЖШС кіретін Консорциум «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнымен Келісімшартқа қол қойды. Келісімшарт толық аяқтау талапшартымен «Жоба» кезеңдері бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу жұмыстары кешенін орындауға, «Нақты құжаттама» кезеңдері бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге, жабдықтар жеткізуге және Қарағанды облысының Алайғыр кен орнында полиметалл кендерін өндіретін және өңдейтін тау-кен байыту комбинатының инфрақұрылым объектілері, қалдықтар қоймасы мен айналымдық сүмен жабдықтау жүйесі құрамында байыту фабрикасын салуға жасалды.»
3. 2021 жылдың 12 қазанында «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны «BauProjekt» ЖШС-мен авторлық қадағалау бойынша инженерлік қызметтер көрсетуге бөлек келісімшарт жасады, бұл Алайғыр кен орнына қатысты тағы да сол жобаға жататын Келісімшарттың 1.1 тармағында дәлірек жазылып көрсетілген. Менде тек осы екінші келісімшарт, 2021 жылдың 12 Қазанындағы Келісімшарт қана бар, ол орыс тілінде. Ол Сотқа бүгін берілді, бірақ Сот жұмыскері орынды болып көрінетін үзінділерді маған аударып берді.
4. 2020 жылдың қазан айында жасалған Келісімшарт №117 Келісімшарт болып табылады, және мен оған сілтеме жасаймын. 2021 жылдың қазан айында жасалған Келісімшарт №1 Келісімшарт болып табылады, және мен оған сілтеме жасаймын. № 117 Келісімшартта Талапшарттардың 1.14-тармағында келесі сөйлемдермен жазылған төрелік ескерту бар: «Осы Келісімшарттан туындайтын немесе онымен байланысты кез келген шарттық немесе шарттық емес, соның ішінде оның бар болуына, жарамдылығына, түсіндірілуіне, орындалуына, бұзылуына немесе тоқтатылуына қатысты кез келген дау, келіспеушілік, қайшылық немесе шағым «Астана» халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығы («ХТО») өткізетін Төрелік іс қарау жолымен ХТО Тіркеушісіне төрелік іс қарау туралы өтініш берілген күні қолданыста болатын және осы тармақтың ажырамас бөлігін құрайтын ХТО Төрелік және медиация қағидаларына сәйкес қарауға берілуі және түпкілікті шешілуі тиіс.»
5. Алайда №1 Келісімшартта төрелік ескерту жоқ. Оның орнына, №1 Келісімшарттың 11.6-тармағында: «Келісімшарттың талаптарын орындау процесінде Тараптар арасында туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі; 15 күнтізбелік күн ішінде келісімге қол жеткізілмеген жағдайда, Тараптардың даулары Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында сот тәртібімен шешіледі» деп көзделген.

6. 2022 жыл ішінде «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны Консорциумның №117 Келісімшарт бойынша қызметіне наразы болған және «BauProjekt» компаниясының №1 Келісімшарт бойынша қызметіне наразы болған. «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны екі Келісімшартты да бұзу туралы хабарлама жіберген. Консорциумға бұзу туралы хабарлама арқылы қысымшылық көрсетілген, оның пікірінше бұл негізсіз болып табылады.
7. Тиісінше, Консорциум № 117 Келісімшарттың 1.14-тармағына сәйкес толық құқығы бар болғандықтан, төрелікке жүгінді. Бүгін менің алдымда отырған Бурковская ханым Төрелік іс қарау туралы өтініш әзірледі, ол Консорциум атынан берілді. Бүгін «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны атынан сөйлейтін Коробейников мырзаның айтқанынан түсінгенімдей, ол Төрелік іс қарау туралы өтінішті 2022 жылғы 17 қыркүйекте алған. Тіркеушінің сөзінен түсінгенімдей, Төрелік іс қарау туралы өтініш Халықаралық төрелік орталығында 2022 жылғы 18 қыркүйекте тіркелген.
8. Мәніне келетін болсақ, Төрелік іс қарау туралы өтініште №117 Келісімшартты бұзу дауланған және «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнының мәлімделген негіздер бойынша келісімшартты бұзуға құқығы жоқ болғаны айтылған.
9. Сонымен қатар, «BauProjekt» компаниясы да №1 Келісімшарттың бұзылуына наразы болған. №1 Келісімшартта, бұрын айтылғандай, төрелік ескерту жоқ. Сондықтан, «BauProjekt» ЖШС дауды шешудің №1 Келісімшарттың 11.6 тармағында көзделген процедурасына сәйкес сотта іс қарауды бастады. «BauProjekt» бұл іс қарауды, қажет етілгендей, Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында бастады, мен оны «Қарағанды соты» деп атайтын боламын.
10. «BauProjekt» өзінің Қарағанды сотына жолдаған өтінішхатында «Тапсырыс берушінің Келісімшартты Орындаушының кінәсі бойынша біржақты тәртіпте бұзу туралы хабарламасын заңсыз деп тану туралы және Жауапкерді Келісімшарт жасасуға мәжбүрлеу туралы талап арыз» деп мәлімдеген. Өтінішхатта бұдан әрі қарай «BauProjekt» компаниясының №1 Келісімшартты бұзудың заңсыздығын дәлелдейтін себептері егжей-тегжейлі баяндалған. Бұл аргументтер өтінішхаттың 1-4 беттерін және 5-беттің бірінші жартысын алады.
11. Ақырында, 5-беттің ортасында және 6-бетте біз жеке талапты көреміз, онда Талапкер Соттан «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнын «BauProjekt» компаниясымен құрылыс кезінде қадағалау жүргізу жөнінде келісімшарт жасасуға міндеттеуді сұрайды. Айтып кеткенімдей, бұл процессуалдық әрекеттер Қарағанды сотында тиісті түрде жүзеге асырылған.
12. Менің түсінуімше, іс шамамен 2022 жылдың 25 қарашасында қозғалған. Бурковская ханым маған 2022 жылғы 29 қарашада Қарағанды сотының хатшысы Тараптардың өкілдерімен кездесу өткізіп, Тараптар бір-бірімен байланыста болуы үшін WhatsApp желісінде топ құрғанын хабарлады. Бұл WhatsApp тобына «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнының заң департаментінің басшысы болып табылатын Анна Бобкова ханым енгізілген. Бобкова ханым WhatsApp тобы арқылы өзіне жіберілген 30 қарашадағы талап арызды қайдан табуға болатынын сұрағаны туралы маған хабарланды және күмәндануыма негіз жоқ.
13. «BauProjekt» компаниясының өтінішхатын Қарағанды процесінде зерделеп, Бобкова ханым Қарағанды сотына талапты қараусыз қалдыру туралы өтінішхат берген. Менде

бұл арыз Құжаттар топтамасының 227-228 беттерінде орыс тілінде және 225-226 беттерінде ағылшын тіліндегі аудармасымен бар. Бұл өтінішхат «Талапты қараусыз қалдыру туралы өтінішхат» деп аталған.

14. Бобкова ханым өз арызында көрсеткен істің мәні №117 келісімшартта төрелік ескерту бар болғандықтан, Қарағанды сотындағы талап толығымен қабылданбай тасталуы тиіс. Ол Қарағанды соты түгелімен құқықты асыра пайдалану болып табылатынын, бұған Азаматтық процестік кодексімен тыйым салынғанын, сондықтан «BauProjekt» пен «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны арасындағы дау төрелікке берілуі тиістігін мәлімдеген.
15. Бобкова ханымның 18 қарашада берген арызы сәтсіз аяқталатыны белгілі арыз болды. Кез келген тұрғыдан алғанда, «BauProjekt»-тің Қарағанды сотына жолдаған өтінішхатында көрсетілген мәселелердің көбісін №1 Келісімшарттың 11.6-тармағына сәйкес тек сот тәртібімен ғана қарау мүмкін еді.
16. Алайда Қарағанды соты бұл мәселені қараған. Ол 11 қаңтарда тыңдау өткізген және, менің түсінуімше, келесі сот отырысы 24 қаңтарға белгіленген. Қарағанды соты талап арызды түгелімен қабылдамай тастауға келіседі деп ойламаймын, өйткені, қалай болғанда да, талап арыздың көп бөлігі сол сотта қаралуы тиіс.
17. 2022 жылдың 30 желтоқсанында «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны соттың тыйым салуын алу үшін осы Сотқа, АХҚО Сотына арыз берген. Бұл арызда «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны келесі тыйым туралы сұрады. Мен арыздың 1-тармағын келтіремін

«Алайғыр» бірлескен кәсіпорны (қаралғалы отырған ХТО төрелік іс қарауында қарсы талап бойынша талап қоюшы («Талап қоюшы») қаралғалы отырған ХТО төрелік іс қарауында қарсы талап бойынша жауапкерлердің бірі «BauProjekt» ЖШС-ына («Жауапкер») ХТО Төрелік және медиация қағидаларына («ХТО қағидалары») сәйкес барлық дау «Астана» халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығына («ХТО») қарауға берілетіні туралы Талап қоюшы мен Жауапкер арасындағы келісім бұзылып, Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында 2022 жылғы 25 қарашада басталған іс қарауды («Қарағанды ісі») жалғастыруға шектеу арқылы соттың уақытша тыйым салуы және/немесе тыйым салуы туралы бұйрық шығару жөніндегі осы жедел арызды беріп отыр.

18. Кез келген тұрғыдан алғанда, бұл арыз оның қазіргі түрінде сәтсіз аяқталатыны белгілі, өйткені Қарағанды сотындағы іс қараулардың негізгі бөлігі тек сол сотта ғана қарала алады. Төрелік ескерту оларға қолданылмайды. Талап қоюшы «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнының бұл арызды Жауапкерге - «BauProjekt» ЖШС-не жібермегендігі мәселені одан әрі күрделендіре түседі. Мен «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны бұл мәселені адал қарағанына, бірақ оның *ex parte* қаралуы тиіс деген қорытындыға келгеніне сенімдімін. Сотқа берілген арыздар Жауапкер тарапы қатыстырылмай қаралуы тиіс болатын жағдайлар болады. Кейде бұл алаяқтыққа күдік бар болғанда қажет және құжаттарды жоюды болдырмау үшін осылай жасалады. Басқа бір жағдайларда уақыт тығыздығы себепті Жауапкердің хабарлауға мүмкіндігі болмайды. Бірақ осы жағдайда 30 желтоқсан шамамен 19 күн бұрын болды. Жауапкерге осы арыз туралы хабарлауға және Жауапкердің оған жауап беруге дайындалуына уақыт жеткілікті болды. Мұндай жағдай бұдан бірнеше күн бұрын уақытқа дейін сақталды. Іс маған табысталды. Жұма күні, 13 қаңтарда (бұл іс туралы білген бойда) мен Жауапкерге дереу хабарлау туралы нұсқау

бердім. Мен Аппараттан жұма күні, сосын тағы бір рет жексенбі күні «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнының заңгерлеріне Жауапкерге хабарлау өтінілген электрондық хат жіберілгенін түсінемін, бірақ бұл екі хат та «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны заңгерлеріне жексенбі күні кешірек үшінші хат жіберілгенге дейін байқалмаған немесе назарға алынбаған сияқты.

19. Талапкердің заңгерлері Жауапкерге осы аптаның жексенбісінде, үш күн бұрын хабарлаған, ал іс бойынша құжаттар Жауапкердің немесе Жауапкердің заңгерлерінің қолына кеше, сейсенбі, 17 қаңтарда тиген. Осы іс қарау туралы кеш хабарланғанына қарамастан, Жауапкердің, атап айтқанда «BauProjekt» ЖШС-ның осы арыз бойынша заңгері Бурковская ханым бүгінгі сот отырысына қатысып, өз аргументтерін айтты. Мен Бурковская ханымға сотқа осынша қысқа мерзімде көмек көрсете алғаны үшін өте ризамын.
20. Сәйкесінше, тыңдау бүгінге белгіленді. Тыңдау таңғы сағат 10-да басталды. Baker McKenzie Kazakhstan B.V. компаниясынан Коробейников мырза бүгін тыңдауда Талап қоюшы «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны атынан сөз сөйледі және, айтып кеткенімдей, осы арыз бойынша Жауапкер болып табылатын «BauProjekt» ЖШС атынан Бурковская ханым сөз сөйледі. Екі өкіл де өз аргументтерін маған өте айқын, қысқа және түсінікті етіп айтты. Мен Коробейников мырзаға өз позициясын соншалықты анық жеткізгені үшін алғыс айтамын және Бурковская ханымға өз позициясын соншалықты анық жеткізгені үшін алғыс айтамын. Таңертеңгі тыңдау кезінде Сот қызметкері орыс тілінде ғана қолжетімді болған құжаттарды маған аударуы тиіс болғанда біраз кідіріс орын алды. Бірақ бәрі бірқалыпты өтті, айтарлықтай кідіріс болған жоқ.
21. Коробейников мырза өз аргументтерінде Сотта жазбаша түрде бар толық арыздан бастапқы сатыда бас тартуға мәжбүр болды және негізінен егер біз Қарағанды сотының өтінішхатына назар аударсақ, оның соңғы бір жарым бетінде жұмыстардың бағасына және т.б. қатысты, төреліктегі мәселелер қайталанатын мәлімдемелерді көретіндігімізді айтумен шектелді.
22. Коробейников мырза мені «BauProjekt» компаниясының Қарағанды сотына берген өтінішхатының соңғы бөлігімен, одан кейін Бурковская ханым дайындаған және Халықаралық төрелік орталығына Консорциумның «Алайғыр» бірлескен кәсіпорнына қойылған талаптарына қатысты берілген Төрелік іс қарау туралы өтінішпен егжей-тегжейлі таныстырды. Сонымен, екі өкіл де осы мәселеге қатысты өз материалдарын ұсынды. Коробейников мырза төрелік іс қарау және сотта іс қарау қайталанатынын және бұны болдырмайтын шаралар қолдану керектігін айтады. Ол сотта іс қарау түгел тоқтатылуы тиіс деп айта алмайды. Оның негізді түрде талап ете алатынының барыншасы - бұл сотта іс қараудың аясын шектейтін сотың тыйым салуы шығарылуы. Бурковская ханым мұндай тыйым салу болмауы тиіс деп санайды. Төрелік іс қарау және сотта іс қарау қайталанбайды. Мәселелер қазіргі уақытта ұсынылған түрінде шешілуі тиіс.
23. Коробейников өз мәлімдемесін растау үшін Ұлыбритания соттарының екі шешіміне сілтеме жасайды. Ол сілтеме жасаған бірінші шешім - «*Angelic Grace*», Апелляциялық соттың 1994 жылғы EWCA Civ J0517-10 шешімі, ал ол сілтеме жасаған екінші шешім – Ұлыбритания Жоғарғы Сотының AES Ust-Kamenogorsk Hydropower Plant 2013 UKSC 35 қарсы Ust-Kamenogorsk Hydropower Plant JSC шешімі. Бұл шешімдер назарға алынды. Оларда баяндалған жалпы қағидаттарды Қазақстанда да, Англияда да қолдануға

болады. Атап айтқанда, мен Апелляциялық соттың «*Angelic Grace*» ісі бойынша шешімінің 68-тармағында не айтқанын атап өтемін:

«...егер ағылшын құқығымен реттелетін төрелік келісімді бұза отырып, шетелдік сотта іс қарауға тараптың қатысуына жол бермеу мақсатында соттың тыйым салуы сұралса, ол кідіріссіз және шетелдік іс қарау басталғаннан тым көп уақыт өтпей тұрып сұралған жағдайда, ағылшын соты соттың тыйым салуын шығару кезінде еш қиындыққа кезікпеуі тиіс.»

Осы істе арыз уақытында берілді немесе Қарағандыдағы сотта іс қарау басталғаннан тым көп уақыт өтпей тұрып берілді деп ойламаймын. Талап етіліп отырғаны - екінші тарапты хабардар ете отырып, Қарағанды сотында іс қараудың аясын шектеу туралы қарапайым арыз беру ғана. Оның орнына 30 желтоқсанда, Қарағандыда сотта іс қарау басталғаннан бір айдан астам уақыт өткеннен кейін, сотта іс қарауды түгелімен тоқтату туралы кең ауқымды арыз берілген, ал Жауапкер бұл арыз туралы қаңтардың ортасына дейін хабар алған. Маған бұл өте қанағаттанарлықсыз жағдай сияқты болып көрінеді. Ал бұл арада, Қарағанды соты мен «BauProjekt» осы Сотқа арыз берілгені туралы мүлде хабарсыз болған, Қарағанды сотында іс қарау жалғаса берген. 11 қаңтарда тыңдау өткен. Осы тыңдауда судья және «BauProjekt» Бобкова ханымның Қарағандыда іс қарауды тоқтату туралы сәтсіз арызын ескергендерімен, осы Сотта іс қарауды есепке алмаған. Осылайша, бұл менің бұл арыз қабылданбай тасталуы керек деген қорытындыға келуімнің бірінші себебі.

24. Арыз қабылданбай тасталуы керек деген қорытындыға келуімнің екінші себебі мынада - мен төрелік іс қарау мен сотта іс қараудың арасында елеулі қайталау бар екеніне сенімді емеспін. Бәлкім, аздаған бөлігі қайталанатын шығар. Төреліктегі төреші де, Қарағандыда іс қараудағы судья да, былайша айтқанда, бір-бірінің жұмысына кедергі келтірмеу үшін сақтықпен әрекет етулері тиіс болады. Бірақ бұл кезеңде мен қайталанудың орын алуын болдырмайтын бұйрық шығара алмаймын. Осы Сотқа арыз беруге әкелген мәселе осы Сотқа қатысып отырған Тараптардың ешқайсысының кінәсі болып табылмайды. Проблема бізде дауларды шешудің әр түрлі екі процедурасы бар әр түрлі екі келісімшарт болғандықтан туындап отыр, бұл қиыншылықтар мен проблемалар тудыратыны сөзсіз. Мен «BauProjekt» атынан Бурковская ханым және «Алайғыр» бірлескен кәсіпорны атынан Коробейников мырза мен оның «Baker McKenzie»-дегі командасы әртүрлі екі іс қараудың - төрелік іс қарау мен сотта іс қараудың арасындағы тартысты толығымен болдырмауға немесе, олай болмаған жағдайда, барынша азайтуға бар күш-жігерін салады деп сенемін.

25. Бірақ бүгін менің арыз бойынша шешімім арыз қабылданбай тасталуы тиіс болып табылады.

Сот қабылдады,

Сэр Руперт Джексон
Судья, АХҚО Соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан өкілдік еткендер:

1. Александр Коробейников мырза, Серіктес, Baker McKenzie, Алматы, Қазақстан Республикасы;
2. Яна Далоглу ханым, Заңгердің көмекшісі, Baker McKenzie, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Жауапкер атынан өкілдік еткен:

1. Феруза Бурковская ханым, “URKO Company”, заң фирмасының басшысы, Өскемен, Қазақстан Республикасы.